

**БЕКІТЕМІН**  
«Академик Е.А. Бөкетов атындағы  
Қарағанды университеті» КЕАҚ  
Басқарма Төрағасы-Ректоры  
проф. Н.О. Дулатбеков  
« 27 » 06 2022 ж.

**Бакалавриаттағы қорытынды аттестаттау шеңберінде білім  
алушыларды кешенді тестілеу регламенті**  
(28.04.2022 ж. өзгерістермен, Ғылыми кеңестің №16 хаттамасы)

1. Осы регламент қорытынды аттестаттау шеңберінде білім алушыларды кешенді тестілеу тәртібін айқындайды және барлық факультеттерге, Академиялық жұмыс департаментіне, Ақпараттық технологиялар және коммуникациялар орталығына қолданылады.
2. Бакалавриат бағдарламалары бойынша білім алушыларды қорытынды аттестаттау шеңберінде академиялық күнтізбеге және емтихандар кестесіне сәйкес кешенді емтихан пәндері бойынша кешенді тестілеу мынадай нысандарда: 1) қағаз тасымалдағыштарды және жауап парақтарын сканерлік өңдеуді пайдалана отырып; 2) қашықтықтан тестілеу кезінде қашықтықтан оқыту технологияларын пайдалана отырып жүргізіледі; 3) университет базасындағы компьютерлік технологияларды қолданумен.
3. Кешенді тестілеуге дайындық кезеңі: 1) оқу бағдарламаларының мазмұнына және ішкі «Тест тапсырмаларын әзірлеу регламентіне» сәйкес қызмет көрсететін кафедралардың кешенді емтихан пәндері бойынша тест тапсырмаларының базасын әзірлеуін және қалыптастыруын; 2) сараптама жүргізуді қамтиды.
4. Тест тапсырмаларының базасы кешенді емтиханның әрбір пәні бойынша кемінде 200 сұрақтан тұруы тиіс. Тест тапсырмаларының мазмұны қорытынды аттестаттауға шығарылатын оқу пәндері шеңберінде білім алушылардың теориялық материалды меңгеру деңгейін анықтауға бағытталуы қажет.
5. Кешенді тестілеуді ұйымдастыру және өткізу үшін жауапкершілік түрлері мен нысандары Академиялық саясаттың тиісті бөлімінде анықталған.
6. Кешенді емтихан пәндері бойынша тест тапсырмаларының электрондық базасын кафедра меңгерушілері кешенді тестілеу басталғанға дейін екі айдан кешіктірмей «Аттестаттау комиссиясы» бағдарламасына енгізеді.
7. Тест тапсырмаларының біріктірілген нұсқалары мен жауап парағын қамтитын электрондық файлдарды Ақпараттық технологиялар және



телекоммуникациялар орталығы қалыптастырады және кешенді тестілеуге бір күн қалғанда Тіркеуші кеңсеге жібереді.

8. Бір нұсқа шеңберіндегі тест тапсырмаларының саны 100 сұрақтан тұруы тиіс. Әр нұсқаның мазмұны кешенді емтиханға шығарылатын пәндердің жиынтық тақырыбын көрсетуі керек. Математикалық есептеулерді болжамайтын тестілеу уақытының ұзақтығы 100 минутты (1 сұраққа 1 минут есебінен) құрауы тиіс. Математикалық есептеулерді болжайтын тестілеу уақытының ұзақтығы 150 минуттан (1 сұраққа 1,5 минут есебінен) аспауы тиіс.

9. Білім алушыларды кешенді тестілеуге жіберу студенттерді қорытынды аттестаттауға жіберу туралы деканның өкімі негізінде жүзеге асырылады.

10. Қашықтықтан тестілеу түріндегі кешенді емтихан қашықтықтан оқыту технологияларын қолдана отырып университетте әзірленген нұсқаулыққа сәйкес жүргізіледі.

11. Аттестаттау комиссиясының мүшелері кешенді тестілеу рәсімінің сақталуын бақылайды және аудиторияда тәртіптік ережелерді қамтамасыз етеді. Аттестаттау комиссиясының техникалық хатшысы кешенді тестілеу өткізу технологиясының сақталуын, сканерлеу жүргізу және кешенді тестілеу күні тестілеу нәтижелерінің емтихан ведомостарын беру үшін Ақпараттық технологиялар және телекоммуникациялар орталығына толтырылған жауап парақтарын беруді қамтамасыз етеді, емтихан ведомостарын аттестаттау комиссиясының төрағасына береді.

12. Жауап парақтарын сканерлеу немесе компьютерлік тестілердің нәтижесін өңдеу, нәтижелерді беру, апелляция, отырыс хаттамаларын ресімдеу рәсімдері кешенді тестілеу өткізілген күні жүзеге асырылады.

13. Осы регламентке өзгерістер енгізу университеттің академиялық еркіндік шекарасындағы рәсімдерді жетілдіру мақсатында Басқарма мүшесі-академиялық мәселелер жөніндегі проректормен келісілгеннен кейін немесе білім алушыларды қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру бойынша ҚР БҒМ жаңа талаптар енгізуіне байланысты Тіркеу бөлімінің бастамасымен жүзеге асырылады. Өзгертілген регламентті университеттің Басқарма Төрағасы-Ректоры бекітеді.